

Бурабай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы Бурабай ауданы әкімдігінің және Бурабай аудандық мәслихаттың бірлескен қаулысы мен шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № а-4/230 қаулысы және Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 5С-42/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 маусымда № 4827 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңына, Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № А-2/65 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 17 ақпандағы № 5С-34-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4673 болып тіркелген) сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Бурабай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 09.12.2016 № а-12/518 қаулысымен және Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 09.12.2016 № 6С-9/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. "Бурабай ауданының Атамекен ауылдық округінің Жасыл селосының шекараларын өзгерту туралы" Бурабай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № А-12/680 қаулысы мен Бурабай аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 5С-11/8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3602 болып тіркелген, 2013 жылдың 24 қаңтарында аудандық "Бурабай" және "Луч" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша мемлекеттік тілде "селосының" сөзі " ауылының" сөзімен ауыстырылсын;

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша орыс тілінде "аульного" сөзі "сельского" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы Бурабай ауданы әкімдігінің қаулысы мен Бурабай аудандық мәслихаттың шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бурабай ауданының әкімі
Аудандық мәслихаттың
ХЛІІ сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың*

*Т.Ташмағамбетов
Р.Махаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ